- 3) мутациялық үрдіс пен сұрыпталудың нәтижесінде генетикалық тепе-теңдіктің бұзылуы, популяция генофондының өзгеруі. Соның нәтижесінде келесі қағидаларды нақтылуға болады: адамның экологиялық генетикасының заманауи мәселері қаншалықты қиын және маңызды болса да, оның шешімі фундаментальды ғылым мен техникалық прогрестің негізгі жетістіктеріне негізделеді.

Кілтті сөздер: экология, мутаген, генетикалық қауіп, фармакогенетика, индукцияланған мутагенез, генетикалық полиморфизм, тұқымқуалаушылық, канцерогендік, тератогендік, мутагендік факторлар

«Экология» және «генетика» сөзі адамдардың мәселелерінде әлемдік және ұлттық деңгейде, бүгінгі және болашақтың ғылыми тұрғыда да, сондай-ақ қалыпты тіршілігінде жиі қолданылып, талқыланады. Мақалада екі ұғым қосылып, өзекті мәселе ретінде қазіргі кездегі экологиялық фактордың адамның тұқым қуалаушылығына әсерінің деңгейі туралы айтылады. Мындаған жылдардан бері адамның қоршаған ортасы өзгеріп келеді. Қоршаған ортаның зақымдайтын және жаңа факторларының адамға әсері үш түрлі жағымсыз эффект арқылы бақыланады:

- 1) Тұқым қуалау ақпаратының өзгеруі
- 2) Сыртқы ортаның әсерінен патологиялық геннің экспрессиясы
- 3) Мутациялық үрдіс пен сұрыптау нәтижесінде генетикалық тепе-теңдіктің бұзылуы популяцияның генофондының өзгеруіне әкеледі[2].

Биологиялық түр ретінде адамға мутациялық үрдістің әсері ерекше көрініс береді. Адам үшін әрқашан тұрақты мутациялық үрдістің деңгейі көптеген физикалық, химиялық және биологиялық факторларының әсерінен жоғарылайды. Индукцияланған мутагенездің әмбебаптығы мен жалпы көрініс беруі қазіргі жаңа заманда күдік тудырмайды[6,8]. Индукцияланған мутацияның биологиялық және медициналық зардаптары бірінші кестеде көрсетілгендей өте маңызды.

**Адам популяциясында мутацияның биологиялық және
медициналық зардаптары**

Жыныс жасушаларының мутациясы	Эмбрион және ұрық жасушаларының мутациясы	Постнаталдық кезеңдегі дене жасушаларының мутациясы
Генетикалық полиморфизмді кеңейту	Қалыпты реакцияның төмендеуі (бейімдеушіліктің)	Қатерлі жаңа түзілістердің жиілігінің артуы (мутагенез→канцерогенез)
Тұқым қуалайтын патологияның жиілеуі	Дамудың туа біткен ақаулықтарының жиілігінің жоғарлауы (мутагенез→тератогенез)	иммунитет бұзылуы
		ерте қартаю

Егер мутациялар ұрықтық жасушаларда жүрсе, онда тұқым қуалайтын патологияның жиілігі жоғарылайды. Органогенез кезінде байқалған мутациялар болашақ нәрестенің бейімдеушілік қасиеттерін төмендетіп, түрлі кемістіктердің пайда болу жиілігін арттырып, дамуды баяулатып, тіпті өлімге душар етеді. Ал постнаталдық кезеңдегі сомалық мутациялар түрлі қатерлі жаңа түзілістердің жиілігін арттырады, иммунитет бұзылады, ерте қартаюға себеп болады.

Адамдардағы мутациялық үрдістерді заманауи этапқа байланысты триада: мутагенез-канцерогенез-тератогенез деп қарастыру қажет.[13]

XX ғасырдың 50-60 жылдары бүкіл әлемде химиялық заттардың, сонымен қатар олардың белсенді әсер ететін тұқымқуалаушылық құрылымдарының өндірісі мен қолданылуы шұғыл түрде өсе бастады. Жер жүзінде жыл сайын өндірілетін химиялық заттардың саны ондаған миллиард тоннадан асады. Ауада, суда, тағамда, жұмыс орнында, қоғамдық ортада, дәрі-дәрмектерде кең ауқымды көлемде кездесетін табиғи және синтетикалық заттар қоршаған орта факторларының потенциалды канцероген, мутаген және тератогені болып табылатындығы күмән келтірмейді.

Адам өмірінің химиялық заттармен улануын және оның иондық сәулелермен тығыз қарым-қатынаста болуын назарға ала отырып, адамзаттың алдында болашақта емес, дәл бүгінгі күні мутациялану жиілігінің өсуі туралы қауіп бар деген қорытынды жасауға болады.

Генетиктер қоршаған ортаның ластануынан болған адамның тұқымқуалаушылығына келтірілген зардаптарының әсерінен пайда болған экологиялық мәселелерге бей-жай қарамаған. XX ғасырда қоршаған ортаның жеделтілген түрде сауықтырудың қажеттілігін көрсететін индукцияланған мутагенездің негізгі заңдылықтары анықталды. Индукциялық мутагенездің басты белгілеріне: шекті әрекеттің болмауы, дозадан болған әсері, мутацияның қалыпты жағдайы, әр түрлі мутагендердің аддитивтілігі, әрекеттің мерзімінің өтуі жатады.

Мутагендік қауіптің айқындалу әдістерінің жасалуы - мутагенездік мәселелер бойынша фундаментальды генетикалық зеттеулердің басты нәтижесі болып табылады. Осы әдістердің кең қолданылуы эколог мамандарға генетикалық тұрғыдан адамның қоршаған ортасын қауіпсіз етуге мүмкіндік береді. Ал оны қарқынды түрде жасау керек, өйткені:

- Жалпы алғанда қоршаған ортаның ластануы қарқынды дамуда;
- Көптеген химиялық және радиациялық ластаушылар шекті деңгейден асып, кең көлемде әсер етеді;
- Қоршаған ортада ұзақ және тұрақты факторлар пайда болуда(диоксиндер, радиоизотоптар)
- Қазіргі таңдағы тұрғын үйлердің полимерлік және пластмассалық негіздерден жасалуы мутагендік, канцерогендік және тератогендік факторларға негіз болуы мүмкін.
- Мутациялық процесс стресс, кең таралған психоактивті заттардың (есірткі, темекі) әсерін арттырады.

Қазіргі кезде ғылыми-техникалық прогресстің нәтижесінде, адамның табиғатқа деген әсері өте зор, бұл “биосфераның” адамның техникалық іс- әрекетінің өнімдерінен тұратын ортамен, яғни “техносферамен” ығысуы туралы ой тудырады. Бұл өзгерістер адам ағзасына әртүрлі ауруларға шалдықтыра отырып, тікелей және қосымша әсері етеді[7,9].

Мутациялық әсердің индукциялы ортасының ұрпаққа дәлме-дәл қатысы туралы айғақтар жоқ. Сондықтан бұл сұрақ қызу талқылануда. Зерттеу нәтижелері қарама-қайшы келеді. Және де мұнда ең бастысы тұқымқуалаушылық аурулар мен туа біткен кемтарлықтардың барлық факторларын ескере отырып, ауқымды популяциялы бақылау жүргізу. Өкінішке орай, бірыңғай медициналық статистиканың болмауынан мұндай мәліметтер жоқ. Ұрпақта туа біткен кемістіктің дамуы жатыршылық сұрыпталу барысында пайда болады деген мүмкіндіктер бар. Және де көптеген факторлардың(алкоголь, кейбір дәрі-дәрмектер, темекі шегу, диоксин, кокаин) тератогенді әсерлері белгілі.[10,16]

Химиялық заттардың эмбриондық дамуға жағымсыз әсерлерін кішігірім ауытқу немесе туа біткен морфогенетикалық дамумен(гипертелоризм, эпикант, құлақ қалқанының дамуының ауытқуы

т.б) түсіндіруге болады. Олар органдардың қызметінің бұзылуына себепші болмайды. Сонымен дамудың кішігірім аномалиялары жатыршылық сұрыпталуға ұшырамайды. [11]

Әдебиеттерге сүйенсек, экологиялық жағдайлары әр түрлі қалалардағы кішкентай балаларды тексергенде, химиялық ластанбаған аймақтағы баланың даму ауытқуларының саны ластанған атмосфералы қаладағы баладан 2 есе аз екендігін көрсетіндігін зерттеулер айқындай түсті[5].

Гендердің экспрессиясының патологиялық құбылыстары (экогенетикалық аурулар)

Медициналық генетиканың бір шарты бұл әрбір геннің қызмет атқаруы қоршаған ортамен тығыз байланыста болумен сипатталады. Эволюция нәтижесінде адам популяциясында кең таралған тұқымқуалаушылық полиморфизм қалыптасты. Ферменттік жүйелердегі, транспортты ақуыздардағы, жасушалардың антигендері мен рецепторларындағы көптеген вариациялар химиялық заттардың метаболизмінің жеке қасиеттерін, биологиялық агенттер мен физикалық факторларға реакцияларын анықтайды. Генетикалық айырмашылықтары арасында қоршаған ортаның патологиялық реакциялары болуы мүмкін. Бұл жағдайларды экогенетикалық аурулар деп атауға болады. 1 кестеде көрсетілгендей, қоршаған ортаның әсері эволюция нәтижесінде геноиптік және фенотиптік полиморфизмнің қалыптасуына алып келді, бірақ қоршаған ортаның жаңа факторларының әсерінен гендер экспрессиясы өзгеруі мүмкін және экогенетикалық аурулар пайда болады.

Экогенетикалық аурулардың пайда болуының популяциялық генетикалық-түсінігі (1 кесте)



Кейбір спецификалық мутациялар ерекше сезімталдыққа немесе толеранттылық қасиетке ие. Экогенетикалық қоршаған ортаның барлық түріне әсер етпейді, тек генетикалық мутацияға ұшырағандарға ғана әсер етеді.

Организмге түсетін химиялық қосылыстардың метаболизмі генетикалық детерминацияланған ферменттермен қадағаланады. Биотрансформацияның 1 фазасындағы детоксикация ксенобиотиктердің пішінінің өзгеруіне және қысқа мерзімде генотокситтік қасиеттері бар метаболиттерді өзгертуіне әкеледі. Бұл фаза цитохром Р-450 ферментімен іске асады және олардың 2000 жуық гендері анықталған, сондай-ақ әрбір генде ондаған, жүздеген мутациялар болады. Детоксикацияда микросомалық эпоксидгидролаздың полиморфты жинағы үлкен мағынаға ие. Ксенобиотиктердің метаболизмінің көптүршілігін көз алдына елестету қиын емес, олардың бір бөлігі патологиялық реакциялар туғызуы мүмкін. Егер мутациялық өнім ферментативтік белсенділікке ие болмаса, онда ксенобиотиктер алдымен жасушалық, кейін ағзалық деңгейде ақаулар туғызуы мүмкін.[1]

Сыртқы ортаның әртүрлі факторларына ағзаның патологиялық реакциялары тұқымқуалаушылыққа байланысты екендігі қазіргі уақытта кеңінен белгілі. Ол факторларға атмосфераның ластануы, тағамдар және тағамдық қоспалар, дәрі-дәрмектер, физикалық факторлар және металлдар, биологиялық агенттер жатады.

Атмосфераның ластануына тағамдық заттарға ағзаның патологиялық реакциялары жақсы зерттелген. Төмендегі кестеде зерттелген экогенетикалық варианттардан мысалдар келтірілген.

Аномальды ақуыз немесе фермент	Қоздырушы фактор	Детоксикация фазасы	Ағзадағы патологиялық жағдайлар
Атмосфераның ластануы			
Протеаз ингибиторы	Шаң-тозаң, шылым шегу	I	Өкпенің созылмалы абструктивті ауруы (эмфизема)
Арилгидро-карбонгидроксилаза	Полициклды көмірсулар	II	Өкпе рагі
N-ацетил трансфераза	Шылым шегіу, резина, лак, бояу өнімдері	II	Қуықтың рагі
Тағамдық заттар			
Лактаза	Сүт (сүт қанты)	II	Диспептикалық асқазан жаралары
Алкогль	Алкогль	II	Алкогльге

дегидрогеназа			токсикалық реакция
Моноамнинооксидаза	Шоколад	II	Бас ауруы (мигрень)

Протеаз ингибиторы ақуызы мутантты адамдарда өндірістегі шаң-тозаңдар және шылым шегу өкпенің созылмалы қабынуына алып келеді.

Арилгидрокарбонгидроксилаза ферментінің синтезіне жауап беретін генде мутация бар адамдарда шылым шегу өкпе рагіне алып келеді. Осы ферменттің аномальды құрлысты болуы полициклды көмірсулардан пайда болған эпоксидтердің ыдырамауына және өкпеде канцероген ретінде қалып қоюға алып келеді. Нәтижесінде уақыт өте келе өкпе рагі дамиды.

Атмосфераның ластануына реакция туғызатын жақсы зерттелген мутация- антитрипсиннің жетіспеуі. Қан сарысуындағы бұл ақуыз рецессивті z аллелімен анықталады. Бұл аллель бойынша гомозиготтар(zz) созылмалы өкпе қабынуы ауруына тез шалдыққыш келеді. Мұндай адамдарда өкпе эмфиземасы популяциядағы жасы 30-40-тан асқан адамдарға қарағанда 30 есе жиі кездеседі.

Экогенетиканың көптеген бөлімдері практикалық медико-генетикалық кеңесте қолданылуда. Бұл бағыттың қазіргі уақытта болашағы зор. Адам геномы зерттеулері нәтижесінде адам экологиялық генетикасының маңызды жаңа саласы – токсикогеномика қалыптасты. Адам геномы базасы мәліметтерін және жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланып, кейбір токсикологиялық факторлардың белгілі бір генотипке қалай әсер ететіндігін болжауға болады.

Тағамдық заттар және тағамдық қоспалар адамның өмір сүру ортасының маңызды бөлігі болып табылады. Тағамдарға әртүрлі генетикалық реакциялар, яғни әртүрлі аллергиялық көріністер ертеден белгілі. Тағамдарға ағзаның әртүрлі реакциялары ферменттердің генетикалық бақылауын және асқазан-ішек жолдарында сіңірілу механизмдерін түсіну арқылы мүмкін болды. Мысалы, кейбір адамдар сүтті қабылдай алмайды. Сүтті қабылдағанда диспептикалық көріністер байқалады. Бұл сүт қантын ыдырататын – лактаза ферментінің жеткіліксіздігіне байланысты. Мысалы лактозаны сіңіре алмау ерекшелігіне байланысты сүт ішкенде іштің өтуі, ішектегі асқорытудың бұзылуы байқалады. [13]

Адамның тұқымқуалаушылығына байланысты тағамдық заттарға ағзаның патологиялық реакциялары өте көп. Әртүрлі авторлардың мәліметтері бойынша 40-60% адамдарда тағамдық заттарға аллергиялық реакциялар байқалады. Ағзаның бұл реакциялары зат алмасуға қатысатын ферменттерді синтездейтін гендердің мутациясымен байланысты.

Тағамдық заттарға ағзаның патологиялық реакцияларын жүйелеп және олардың патогенезін анықтау арқылы нутригенетика және

нутригеномика дамуда, яғни геннің қызметі мен құрлысына негізделген дұрыс рационды болжау.

Дәрі-дәрмектерге ағзаның фармакогенетикалық реакциялары терең және кең зерттелген. Бұл реакциялар жоғары сезімталдық, төзімділік, тіпті пародокцальды реакция түрінде көрінуі мүмкін [3.12]. Бұндай реакциялардың 100-ге жуығы белгілі және жылдан-жылға жаңа реакциялар анықталуда. Адам геномын зерттеу жетістіктері нәтижесінде дәрілік заттарға патологиялық реакцияларға қатысты гендер анықталуда және ол гендердегі мутациялар, патогенездің молекулалық-генетикалық механизмдері анықталуда. Олардың көпшілігі ауыр түрде көрінуде: тыныс алудың тоқтауы, гипертермия, қан кету, дәрілік терапияның тиімсіздігі т.б. Сондықтан дәрілік заттардың метоболизімінің тұқымқуалаушылық аномалиясын диагностикалау қажеттілігі анық. Дәрілік препараттармен емдеу жақын онжылдықта науқастарды емдеу алдында генотиптерін анықтау арқылы жүргізілу стратегиясын енгізу қажет [4].

Семей ядролық полигонына жақын аймақтардың тұрғындарының денсаулық көрсеткіштерін көптеген зерттеу нәтижелері басқа экологиялық қолайлы аймақтардың денсаулық индекспен салыстырғанда, төмен екендігін көрсетті. Семей ядролық полигонының айналасындағы аймақтардағы экологиялық ауытқулар:

1. Иондаушы сәулелердің аз мөлшерде ұзақ уақыт қоршаған ортаға түсуімен (ауа, топырақ, өсімдіктер, жануарлар);
2. Өндіріс өнімдерінің қалдықтарымен (цементтік өндіріс және т.б.), улыхимикаттармен қоршаған ортаның интенсивті ластануымен байланысты. Осы және басқа да зиянды факторлардың әсері аймақтың салыстырмалы төмен әлеуметтік-экономикалық дамуымен бірге бірігіп, аймақ тұрғындарының денсаулық күйінің айтарлықтай нашарлауына, дәлірек айтқанда онкологиялық, жүрек-қан тамырлар, инфекциялық, жүйке-психикалық аурулардың өсуі, тұрғындардың өлім көрсеткішінің артуына, өмір сүру ұзақтығының төмендеуіне және т.б. алып келеді [14.15].

Адам экологиясы проблемасының маңыздылығы оның барлық саласында көрінеді – токсикогеномика, нутригенетика, фармакогенетика. Экогенетикалық патологияның салыстырмалы маңызы медициналық көмектің жақсаруы және кең таралған аурулармен күрес барысында арта түсуде. Жыл өткен сайын экогенетикалық патологиялардың артуын күтуге болады. Себебі ғылыми-техниканың дамуы нәтижесінде адамның өмір сүру ортасында өндірістік, тағамдық, тұрмыстық химиялық қосылыстар әсерінен жаңа факторлар артуда.

Экологиялық қауіпті ескермей ғылыми-техникалық прогресстің қарқынды дамуы адамзатты қоршаған ортамен биологиялық гормониядан айыруы мүмкін. Қоршаған ортаның аса ластануынан генетикалық үрдістердің тепе-теңдігі бұзылуы мүмкін.

Адамның өмір сүру ортасы өзгерді және әлі де өзгеруде. Адамзат үнемі қоршаған ортадағы жаңа факторлармен ұшырасуда.

Қоршаған ортаның адамның тұқымқуалаушылығына әсері және оның тұқымқуалау материалын өзгерту, репродуктивті жүйе қызметін, жатыр ішілік дамуды өзгертетіндігі ғаламдық алаңдауды тудыруда. Бұл жерде бір ғана шешім бар – ол адам экологиялық генетикасын ғылыми тұрғыдан терең зерттеу және адамзаттың өмір сүру ортасын қорғау шараларын жүзеге асыру. Жаңа ғылыми әдістемелер арқылы адамның тұқымқуалаушылығына әсерін бағалауға мүмкіндік туды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Баранов В.С., Баранова Е.В., Иващенко Т.Э., Асеев М.В. Геном человека и гены "предрасположенности". (Введение в предиктивную медицину). – СПб. "Интермедика", 2000 – С 272
2. Бочков Н.П. Клиническая генетика: Учебник. 2-е изд. перераб. и доп. – М: ГЭОТАР-МЕД, 2002-448 с.
3. Бочков Н.П. Фармакогенетика в педиатрии // Педиатрия, 2001, №3 – С.4-6
4. Бочков Н.П. Генетические подходы к оценке безопасности и эффективности лекарств венных средств // Клинические исследования лекарственных средств в России – 2002, №2 – С. 4-6
5. Бочков Н.П. Вклад генетики в медицину // Журнал неврологии и психиатрии – 2002-№2 – С.3-15
6. Бочков Н.П., Чеботарев А.Н. Наследственность человека и мутагены внешней среды. – М: Медицина, 1989. – С. 272
7. Бочков Н.П., Чеботарев А.Н., Катосова Л.Д., Платонова В.И. База данных для анализа количественных характеристик частоты хромосомных aberrаций в культуре лимфоцитов периферической крови человека // Генетика. – 2007. – Т.37.-С. 549-557
8. Дурнев А.Д., Середенин С.В. Мутагены (скрининг и фармакологическая профилактика воздействия) – М: Медицина 1998- С.328.
9. Чеботарев А.Н., Бочков Н.П., Катосова Л.Д., Платонова В.И. Временные колебания спонтанного уровня хромосомных aberrаций в культуре лимфоцитов периферического крови человека // Генетика 2001- Т.37. №6 – С.848-853
10. Environmental Health Criteria 225. Principles for evaluating health risks to reproduction associated with exposure to chemicals – 2001, World Health Organization, Geneva.
11. Mehes K. Informative morphogenetic variants in the newborn infant. 1998, Akademiai Kiado, Budapest. – P.228
12. Nebert D.N., Jorge – Nebert L.F. Pharmacogenetics and Pharmacogenomics . In: Emery and Rimoin's Principles and Practice of Medical Genetics. Fourth edition .(Eds. D.L. Rimoin, J.M. Connor, R.E.Pycritz, B.R. Korf). Volume I. Churchill Livingston, London, 2002 – P.590-634

13. Л.Е. Аманжолова Жалпыжәне медициналық генетиканың биологиялық негіздері-Оқулық. «ЖШС Полиграфия-сервис и К», Алматы-2006, 218-219 бет
14. Куандыков Е.У., Нуралиева У.А. Медицинская генетика. Алматы, 2007, 204 с.
15. Қуандықов Е.У. Медициналық биология және генетика. Медициналық жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы-2004, 308 бет.
16. Sram R.J. (Ed.). Teplice Program. impact of Air Pollution on Human Health. Acadimia, Prague, 2001. – P.318

Резюме

Мыргыасова М.А., магистр экологии,
Бактығалиева А.Т., старший преподаватель,
Актюбинский университет имени С.Баишева, Казахстан, г.Актобе.

Отрасли экологической генетики и ее будущее

В обобщенной форме рассмотрены три типа эффектов при воздействии новых факторов среды обитания на наследственность человека: 1) изменение наследственных структур (индуцированный мутагенез); патологические проявления экспрессии генов на специфические факторы среды, экогенетические болезни, фармакогенетика, токсикогеномика, нутригеномика; 3) изменение генофонда популяций как результат нарушения генетического равновесия между мутационным процессом и отбором. Обосновывается следующее положение: как бы ни были сложны и серьезны современные проблемы экологической генетики человека, их решения возможны на основе достижений фундаментальных наук и технического прогресса.

Ключевые слова: экология, мутаген, генетический риск, фармакогенетика, индуцированный мутагенез, генетический полиморфизм, наследственность, канцерогенный, тератогенный, мутагенный фактор

Summary

Mirgiasova M.A., Master of Ecology, Baktigalieva A.T. senior teacher of
Aktobe University named after S.Baishev

The branches of ecological genetics and it's future

A resumptive annotation: of the three types of effects of new environmental factors on human heredity is presented : 1) alteration of hereditary elements (induced mutagenesis); 2) pathological manifestations of gene expression on the specific environmental factors (ecogenetic diseases, pharmacogenetics , toxicogenomics, nutrigenomics); 3) alteration of the population gene pool as a result of disturbance of genetic balance between mutation process and selection . The following thesis is proving : in spite of

severity and seriousness of current problems of ecological human genetics, the decision can be made on the basis of fundamental sciences advances and technological progress.

Key words: *ecology, mutagen, genetic risk, pharmacogenetics, induced mutagenesis, genetic polymorphism, heredity, cancerogenic, teratogenic, mutagens factor*

Абубакирова Н.Б., биология магистрі, С.Бәйішев атындағы АУ,
Нургалиева С., С.Бәйішев атындағы АУ 4 курс студенті
Қазақстан, Ақтөбе қ

ӘОЖ 504

ТЕМІР ЖОЛ КЕШЕНІ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІ

Аннотация

Бұл мақалада темір жол кешенінің қоршаған ортаға әсері сипатталған. Сонымен қатар темір жол кешенінің табиғи ортаны ластауы бойынша жіктелуі, темір жол көлігінің қоршаған ортамен байланысы кандай жағдайларға тәуелділігі де көрсетілген.

Кілтті сөздер: Локомотив, Вагон деполары, Стационарлы көздер, Карьер

Темір жол кешені үнемі табиғи ортаға әсер етеді. Әсердің деңгейі шекті немесе кризисті дәрежелерде бола алады.

Қоршаған ортаға темір жол кешенінің әсер ету сипаты техногенді факторлар, олардың әсер ету қарқыны, табиғи орта элементтеріне сер етуші экологиялық салмақтылықпен анықталады. Техногенді әсер жеке фактордан бола алатын-локалды немесе әр түрлі факторлардың тобынан - кешенді бола алады. Темір жол кешенінің табиғи ортаның экологиялық жағдайына әсерін бағалау үшін келесі интегралды мінездемелер қолданылады:

- Абсолютті жоғалтулар (флора, фауна адамдар) биоценоздардың күйінің нақты өлшемімен сипатталады;
- Экосистемалардың өтемақылық мүмкіндіктері, мәжбүрлі түрде табиғи немесе жасанды тәртіптегі қалпына келуімен сипатталады;
- Күтпеген жоғалтулар, табиғи баланстың бұзушылығының қауіп-қатерімен, қоршаған табиғи ортадағы дағдарыстық ахуалға әкелетін жергілікті экологиялық жылжулардың пайда болуымен сипатталады;
- экологиялық жоғалтулардың деңгейі ;

Бұл мінездемелер темір жол кешені орналасан аудандардың экологиялық қауіпсіздігіні анықтауға мүмкіндік береді.

Табиғатқа темір жол объектітерінің кез келген әсері келесі формаларда айқындалатын қарсы реакцияны шақырады:

- Бейімділік - тепе-теңдіктің жергілікті немесе статикалық жылжу;
- Қалпына келу немесе өздігінен қалпына келу- экосистемалардың толықтай бастапқы күйге келумен сипатталады;
- Жартылай қалпына келу-экосистеманың өзінің қасиеттерінің тек қана бір бөлігін қалпына келтірумен сипатталады;
- Қалпына келмейтін- экосистемада бастапқы күйінен қайтымсыз жылжулар туындаумен сипатталады

Темір жол көлігі басқа көлік түрлерімен салыстырғанда, жүк тасымалдау көлемі бойынша бірінші орында тұр. Ал жолаушылар тасымалдау көлемі бойынша автокөліктен кейін екінші орында тұр.

Темір жол көлігінің қалыпты жұмыс жасауы мен дамуы табиғи кешендер мен байлықтарына, табиғи ортаның инфрақұрылымының дамуына және қоғамның саяси-экономикалық ортасына тікелей байланысты. Темір жол көлігінің қоршаған ортамен байланысы келесі жағдайларға тәуелді:

- темір жолдың салыну инфрақұрылымы;
- жылжымалы құрам, өндірістік қондырғылар мен құрылғылар өндірісі;
- жылжымалы құрамдар мен басқа да темір жол объектілерін қарқынды пайдалану;
- ғылыми ізденіс нәтижесін сала – өндіріс орындарына енгізу.

Темір жол кешені объектітерінің табиғи ортаға әсері жолдардың құрылысымен, кәсіпорындардың өндірістік - шаруашылық қызметімен, темір жолдар мен жылжымалы құрамның жұмысымен, отынның жағылу көлемінің ұлғаюы, жолақтарда пестицидтердің қолдануымен айқындалады.

Темір жолдардың құрылысы және жұмысы табиғи кешендердің шығарындылармен, қалдықтармен ластануымен байланысты. Олар өз кезегінде экологиялық жүйелердегі тепе-теңдіктің бұзылуына алып келмейтін дәрежеде болуы керек. Экожүйелердің тепе-теңдігі табиғи ортаның антропогенді жүктемелері мен темір жол кешенінің әсерінен тұрақтылығын сақтап қалуы мен өздігінен қалпына келу мүмкіндігімен сипатталды. Табиғи ортаның өздігінен тазару қабілеттілігі табиғи кешендердің бұзылуы мен жойылуынан төмендейді. Қалыптасқан тірі ағзалар миграциясы жолдарында салынған темір жолдары түрлер мен бірлестіктердің дамуын тежейді тіпті олардың өліміне де әкеп соқтырады.[7]

Темір жол кешені - тасымалдау процесі мен өндірістік қызметті қатар атқаратын шаруашылықтың маңызды бір саласы. Темір жол кешенінің

әрбір объектісі табиғи ортаға жағымсыз әсер етуі мүмкін. Бұл әсерлерді анықтау арқылы табиғи орта мен тірі ағзалардағы өзгеріс себептерін айқындауға және темір жол кешеніндегі табиғат қорғау шараларының жүргізілуін реттеуге мүмкіндік береді. Темір жол кешенінің табиғи ортаға әсері деңгейін табиғи ресурстар шығыны мен сол өлкедегі ластаушы заттардың түсуімен анықталады. Қоршаған ортаның ластану көздері тұрақты (стационарлы) және жылжымалы болып жіктеледі. Тұрақты көздерге - локомотив және вагон деполары, жылжымалы құрамның жөндеу жұмыстарын жүргізетін заводтар, жылжымалы құрамды әзірлеу тармақтары, қазандықтар, булаушы-сіңіруші зауыттар жатады. Жылжымалы көздерге магистралдік және маневрлік тепловоздар, жол жүруші және жөндеуші көліктер, мұздатқыш құрам, жолаушылар тасымалы вагондары жатады. Стационарлы көздерден түсетін ластану өз кезегінде бір немесе бірнеше ластану түрлерін туындата алады.

Темір жол кешенінің табиғи ортаны ластау келесідей түрлерге жіктеледі.

- механикалық- химиялық реакцияға түспейтін атмосферадағы инертті шаң аралас бөлшектер және судағы қатты заттар;
- химиялық - табиғи ортаның химиялық қасиетін өзгеріске ұшырататын газды, сұйық және қатты химиялық қосылыстар;
- физикалық (энергетикалық) - қоршаған ортаның физикалық күйін өзгертетін жылу, жарық, электромагнитті және радиоактивті шығарулар, ультрадыбыс, діріл, шу;
- биологиялық- адамдар қызметтің нәтижесінде пайда болған және зиянды түрлі микроорганизмдар, вирустар, бактериялар;
- эстетикалық - адам теріс ықпал ететін қоқыс тастайтын жерлер, нашар дизайн, әсем көріністердің бұзылуы.

Бұл факторлар табиғи ортаға ұзақ уақыттық, салыстырмалы қысқа мерзімдік, қысқа мерзімдік және лездік мерзімде әсер ете алады. Факторлардың әсер ету мерзімі табиғатқа келтірілетін зиян өлшемі арқылы ғана анықталмайды. Әсер ету масштабына қарай шағын аудандық, оқшауланған аймақтық және ғаламдық болп ажыратылады. Химиялық қосылыстар ауада, суда, топырақта біртіндеп жинақталып, табиғи ортаға қайтымды және қайтымсыз залал тигізе алады. Табиғи ортаның ластану дәрежесін төмендетудің маңызды бағыты өнім өндіру мен оны тасымалдаудың тиімді технологиялық үдерістерін жасақтау мен қоршаған орта сапасының тұрақтылығын қамтамасыз ететін табиғат қорғау шараларын ұйымдастыру.

Аймақтағы табиғи баланстың бұзылу дәрежесі темір жол көлігінің объектілерінің өндірістік қызметінің экологиялық тиімділігінің интегралды критерийі болып табылады. Табиғи баланстың бұзылушылық қауіп-қатері өндірістік және шаруашылық жұмысының жасанды антропогендік факторлармен байланысты. Егер табиғи орта темір жол кешені әсеріне

қарсы тұруға қабілетсіз болса, тазарту жұмыстары мен қалпына келтіру шараларын жүзеге асыру қажет.. Табиғи орта тепе-теңдігі энергетикалық, су, биологиялық және биогеохимиялық баланстардың сүйемелденуімен жүзеге асады. Аталған баланстардың сандық сипаты аумақтың географиялық орналасына, климаттық жағдайларына, табиғи ресурстардың пайдалануына, қоршаған ортаның ластану дәрежесіне тәуелді болады. Табиғаттағы тепе-теңдікті құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық, техникалық, санитарлық-гигиеналық, биологиялық әдістер көмегімен реттеуге болады.

- Құқықтық әдістер- нормалар мен табиғатты пайдалану ережелері арқылы реттейді;
- Әлеуметтік әдістер- табиғи ортаны қорғауды қоғамның барлық жіктерінің жауапкершілігімен негізделген;
- Экономикалық әдістер -қоршаған ортаның тепе-теңдігінің сақтауды залалды өтеу, шығын үшін нақтылы түрде төлеммен реттеледі;
- Ұйымдастырушылық әдістер- табиғатты пайдаланудың ғылыми ұйымдары және қоршаған ортаны әкімшіліктік және құқықтық қорғау шараларының орындалуымен негізделген.
- Техникалық әдістер- табиғи ортаға түсетін залалды азайту мақсатында жасақталған жаңа технологиялар мен өндірістік жабдықтарды қолданумен реттеледі.
- Санитарлық-гигиеналық әдістер- адамдарға және табиғатқа зиянды ықпалды алдын алу мақсатында ұйымдастырылатын міндетті бақылаумен ескеріледі.

Темір жол кешенінің негізгі ластағыштары ретінде никель, мыс, мұнай өнімдері, цинк болып табылады. Сонымен қатар темір жол басқа да ауыр металлдардың табиғи ортаға түсуінің негізгі қайнар көзі болып табылады.

Темір жол кешені барлық климаттық аймақтар мен жердің географиялық белдіктеріне әсер ететіні белгілі. Темір жол кешені объектілерінің қоршаған орта объектілеріне ықпалы 1 – кестеде көрсетілген. [8]

Кесте 1

**Темір жол кешені объектілерінің
қоршаған ортаны ластау көздері**

Құрылыс		Эксплуатация	
Жылжымалы көздер	Стационарлы көздер	Жылжымалы көздер	Стационарлы көздер
Тепловоздар	Құм карьерлер	Магистральды және маневрлі локомотивтер	Теміржол кешені өндірісі кәсіпорны
Шаң шығарушы	Балласт өндіруші	Токсикалық жүкті, мұнай	Жуу-булау стансалары

құрылыс материалды вагондар	қиыршық тас өндірісі	өнімд	
Құрылыс машиналары	Құрылыс материалдарын жинақтаушы аудандар	Отынды жолаушы вагондар	Локомотивті-вагон жөндеу стансалары
Жылу агрегаттары	Қиыршық тас өндірісі	Қиыршық тасты тасымал	Техника ремонт жолдары
Трасса бойлы автотранспорт	Ағаш төсеме сіңіру заводы	Жолды техника	Жүк стансалары, депо, қазандықтар

Темір жол кешені әсерінен қоршаған ортаны қорғау шаралары.

Темір жол магистральдары ластаушыларынан қорғаудың маңызды шарасы ретінде орманқорғаушы жолақтар белгілі.

Орман отырғызу темір жол транспортын шаң, қар, топырақ үйінділерінен, су ағындары мен табиғи апаттардан қорғайды. Сонымен қатар байланыс тораптарын, желілерін, автоматтандыру мен орталықтандыру құрылғыларын желден қорғайды. Ол санитарлы-сауықтыру және декоративті-эстетикалық мақсатта да қолданылады.

Тәжірибе жүзінде жасыл екпелер темір жол маңы территориясының температурасы мен ылғалдылығын 10-15 % төмендетеніні дәлелденген. 25-30 м енді қылқан жапырақты ағаштар көмірқышқыл газы концентрациясын 70 % төмендетеді. 1 га жасыл екпелер жылына 75–80 кг фтор, 200 кг күкірт газын, 30–70 т шынды жұтады және жалпы ауа ластануының 10-35 % төмендетеді. Орман жолдары темір жол маңы территорияларын шудан қорғайды. 2-5 одан да көп жолақты орман жолдары шуды төмендетуде маңызы зор. Жүйелі түрде орман жолақтарын толықтыру темір жол маңы тұрғындарының денсаулығы, су экосистемалары мен биоценоздар үшін маңызды роль алып отыр [10].

Ағаштар және де басқа да екпелер жуандығына байланысты жағымды әсер етеді. Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, ені 50 м жасыл екпелер шу деңгейін 5-10 дБА төмендетеді.

Темір жол кешенінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін азайту мақсатында келесі ұсыныстарды ұсынғым келеді:

- темір жол транспортын алдағы уақытта электр қуатты түрлеріне ауыстыру. Бұл дизель қозғалтқыштарындағы токсикалық газдардың цилиндрде жиналуына және отынның жануы әсерінен бөлінетін зияныды заттардың азаюына септігін тигізеді;
- локомотив пен вагондардың тежегіш бұғауынан пайда болатын және селитебті зоналардағы өртке себепші болатын ұшқындарды азайту. Ол үшін отынның дұрыс жануын қадағалау және ұшқыназайтқыш

құрылғыларды пайдалану, сонымен қатар тежегіш бұғауларды синтетикалық немесе басқа да материалдардан жасақтау;

- отын ретінде газды пайдалану, ол экономикалық және экологиялық жағынан да тиімді,
- стансалар мен тұрғын зона аралығындағы санитарлы арақашықтықты 100 м –ден 300 м-ге арттыру;
- темір жол желісі бойында шуды азайту мақсатында гараждарды салу, Қарағанды қаласында бұл әдіс кеңінен қолданылуда;
- қатты дауысты хабарлау жүйесін басқа түрмен қайта жабдықтау;
- темір жол тораптарын екі деңгейлі құрылыспен жабдықтау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Hamilton Ellis Introduction: Origin and Impact of Railways [текст]/ The Pictorial Encyclopedia of Railways. — London, New York, Sydney, Toronto: HAMLYN, 1976.- P.591. — ISBN 0 600 37585 4 51606/7.
2. [The Wollaton Waggonway of 1604 \(pdf\)](#). A Waggonway Research Circle 2005.-P. 162-165.
3. Марговенко А. Дороги царей [текст]/Марговенко А.// Урал, 2004.- № 10.- С. 125-130.
4. <http://www.lokomotiv.kz> сайты мәліметтері
5. Бимагамбетова Г.А. Окружающая среда и транспорт [текст]/ Г.А.Бимагамбетова.// Изденістер, нәтижелер. - 2009.-№3.-С. 78-80.
6. Саэт Ю.Е. Город как техногенный субрегион биосферы [текст]/ Ю.Е.Саэт.- М.: Наука, 1985.- С. 133 -166.
7. Бектенов М.Б. Оценка влияния объектов железнодорожного транспорта на окружающую среду [текст]/ М.Б. Бектенов, А.Ж. Акбасова, А.К. Уразбеков //Урал. -2001.-С.№15-130
8. Бомштейн К.Г. Шум на транспорте [текст]/ Под ред. В.Е. Тольского, Г.В. Бутакова, Б.Н. Мельникова.- М.: Транспорт, 1995.- 422с.
9. Ененкова В. Г. Защита окружающей среды при транспортных процессах [текст]/ Под ред. В. Г.Ененкова.- М.: Транспорт, 1984.-565 с.
10. Казанцев И.В. Влияние лесных насаждений вблизи железнодорожного полотна на почвы [текст]/ Материалы 2-ой международной конференции./ И.В. Казанцев, П.П. Пурыгин.- Самара, 2005. – 304 с.
- 11.Hargitai, L. The mobility of toxic heavy metals as effected by the environment protectional capacity of soils / L. Hargitai / Transact. 14-th Int. Congr. Soil Vol.2. Aug. 12-18, 1990. Kyoto. Kyoto, 1990.-P. 102-107.
12. Асқарова Ұ.Б. Экология және қоршаған ортаны қорғау [мәтін]/ Ұ.Б. Асқарова.- Алматы, 2008.- 466 б.
- 13.Denear — de Smet S. Utilisation de bioindicators experimentaux dans l'etude de Tenvironment urbain [текст]/ Boll. Soc. Roy. Bot. Belg. 1975 - P. 129 -146.

14. Уфимцева М. Д. Экспрессный фитоиндикационный метод оценки экологического состояния городской среды [текст]/ М. Д.Уфимцева, Н. В. Терехина. - СПб : Изд - во СПбГУ, 2000. – 744 с.
- 15.Cordina, J.C., P'erez — Garcia, P., Romero, P., Vicente, A. A comparison of microbial bioassays for the detection of metal toxicity [tekst]/ Arch. Environ. Con. Tox.1993. —P. 250 — 254.
- 16.Fiskesjo, G. Allium test for screening chemicals; evaluation of cytological parameters. U: Plants for Environmental Studies. W. Wang, J. W. Gorsuch i J. S. Hughes (eds.), Lewis Publishers, New York, str. — 1997. — P. 308 — 33
- 17.McDaniels, A. E., Reyes, A. L., Wymer, L. J., Rankin, C. C., Stelma, G. N., Jr. Genotoxic activity detected in soils from a hazardous waste site by the Ames test and an SOS colorimetric test [tekst]/ Environ. Mol. Mutagen. — 1993. —P. 115 — 122
- 18.Zolotareva, B. Main features of trace elements in soil [tekst]/ B. Zolotareva // Transact. 14 th Int. Congr. Soil. Sci. Vol. 2. Aug. 12-18, 1990, Kyoto. Kyoto, 1990.- P.394-395.
- 19.Обухов А.И. Атомно — абсорбционный анализ в почвенно — биологических исследованиях. [текст]/ А.И. Обухов, И.О. Плеханова.- М.: Изд — во МГУ, 1991.- 184 с.

Резюме

Абубакирова Нурганым Бекежановна., магистр биологии
Нургалиева Салтанат., студентка 4 курса кафедры экологии.
АУ. им. С.Баишева, Казахстан, г.Актобе.

В этой статье говорится о влиянии железных дорог на окружающую среду. Описываются виды железных дорог, которые подразделяются в зависимости от влияния на окружающую среду.Каким образом зависит состояние окружающей среды от железных дорог.

Ключевые слова: *Локомотив, вагонное депо, стационарные источники, карьер*

Summary

Abubakirova Nurganym Begezhanovna, Master of Biology.
Nurgalieva Saltanat., student 4 course of ecology department.
Aktobe University named after S.Baishev, Kazakhstan, Aktobe

This article speaks about the impact of railways on the environment.Describes the types of railways, which are divided according to the effect on the environment.How depends on the state of the environment from the railways.

Keywords: *Lokomotiv, Wagon Depot, Stationary sources, Quarry*

ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ
ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

Г. И. Оверченко, кандидат технических наук, доцент,
Г. М. Киясова, магистрант 2 курса
Западно-Казахстанского аграрно-технический университета им. Жангир хана,
Казахстан, г. Уральск

УДК 656.132

**МЕТОДИКА ИЗМЕРЕНИЯ РАСХОДА ТОПЛИВА АВТОБУСАМИ
НА МАРШРУТЕ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ УСЛОВИЙ
ЭКСПЛУАТАЦИИ.**

Аннотация

В статье рассматривается метод измерения расхода топлива на городских маршрутах, учитывающий факторы производственной эксплуатации для автобусов ЛиАЗ – 5256 и применение для этих целей расходомера CONTOIL VZD.

Ключевые слова: расход топлива, эксплуатация, датчик, расходомер.

Автомобильный транспорт играет значительную роль в социально-экономическом развитии РК, обеспечивая своевременную доставку грузов и пассажиров.

Значительная часть городских и междугородних перевозок пассажиров осуществляется с помощью автобусов. Автобусные перевозки в перспективе остаются основным видом пассажирских перевозок для большинства городов и поселков РК и имеют большое социальное значение. В г. Уральск около 42% от общих объемов пассажироперевозок выполняются наземным транспортом – автобусами. При этом из них на долю перевозок в 2012 году приходилось 54%. [1]

В то же время автомобильный транспорт является весьма энергоемким. Он потребляет до 70% бензина и до 15% дизельного топлива, расходуемого в стране. Затраты эксплуатирующих организаций на топливо в общей структуре затрат являются значительными – порядка 18% от себестоимости перевозок. [2]

Повышение эффективности работы предприятий, эксплуатирующих городские автобусы, может осуществляться за счет повышения топливной экономичности при решении которой вопросы, нормирования расхода топлива городскими автобусами играет первостепенную роль.

В настоящее время вопросы нормирования расхода топлива разработаны в основном для грузоперевозок, которые отличаются относительно стабильным количеством груза близкого к номинальной

грузоподъемности транспортного средства и достаточно большим расстоянием [3]. Отличительной чертой работы автобусов на городских маршрутах является изменение степени наполнения автобусов пассажирами, различным расстоянием между остановками, большим числом остановок, торможений и разгоном, проездом регулируемых и нерегулируемых перекрестков и т.д. Практика показывает, что в условиях города режимы движения маршрутного автобуса существенно отличаются от режимов движения обычного автомобиля. Достаточно заметить, что количество торможений, приходящихся на 1 км пути, выполняется водителем в 1,35 раза больше, выключений сцепления - в 2,48 раза, вынужденных остановок - в 1,54 раза. Существенное различие в условиях эксплуатации наблюдается как между маршрутной сетью нескольких автобусных парков, так и в рамках одного парка.[1]

Анализ работ, посвященных вопросам эксплуатации городских автобусов [4], показал, что маршрутный расход топлива в основном определяется рядом факторов конструкционного, технологического, эксплуатационного, организационного и природно-климатического характера:

$$Q_{MT} = f(X_1, X_2, \dots, X_n), \quad (1)$$

где Q_{MT} – маршрутный расход топлива городских автобусов, л/100 км;

X_i ($i=1, 2, \dots, n$) – факторы, влияющие на маршрутный расход топлива городских автобусов.

При этом факторы могут быть как простыми, так и сложными, управляемыми, частично управляемыми и учитываемыми, зависимыми и независимыми между собой.

При определении факторов, влияющих на расход топлива рассматривалось «дерево систем» технической эксплуатации, разработанное профессором Е.С. Кузнецовой и профессором В.А.Максимовым.[4].




Рис. 1. Факторы определяющие расход топлива автобусами на городских маршрутах.

Степень влияния факторов на маршрутный расход топлива определялся методом экспертной оценки.

В качестве экспертов привлекались научно-технические и практические работники ТОО «Уралтехсервис», ТОО «ПАССАЖИР-АВТО» по роду своей деятельности связанные с вопросами управления расходом топлива городскими автобусами в эксплуатации. Общие результаты ранжирования представлены в виде диаграммы. (рис. 2).

Для проведения экспериментальных исследований в качестве объекта наблюдения были выбраны новые городские автобусы ЛиАЗ-5256.25, которые являются наиболее распространенной моделью автобусов в условиях ТОО «Уралтехсервис»




Рис. 2. Степень влияния факторов на расход топлива

Анализ факторов, определяющих маршрутный расход топлива автомобилей, позволил выявить факторы, оказывающие наибольшее влияние и определяющие особенности эксплуатации данной группы транспортных средств. К числу таких факторов можно отнести:[3]

- Состояние дорожного покрытия
- Угол продольного уклона трассы маршрута
- Тип дорожного покрытия
- Интенсивность эксплуатации автобусов
- Наполняемость салона автобуса по перегонам
- Количество поворотов трассы маршрута
- Интенсивность движения транспортного потока.

Методический подход к сбору и обработки информации основан на методе «черного ящика», идея которого сводится к следующему:[4]

1) Подконтрольные автобусы, обслуживающие конкретные городские маршруты, в одинаковые периоды года, в одном автопредприятии с одинаковым уровнем организации и технического

обслуживания рассматриваются как отдельная система, имеющая внешнюю одинаковую среду;

2) Внешняя среда совокупность эксплуатационных, природно-климатических (можно принять постоянными) факторов воздействует на систему через входы:

$$X_j = \{X_{1j}, X_{2j}, \dots, X_{pj}\}, (2)$$

3) Система выдает на выходе данные по маршрутному расходу топлива по каждой марке городских автобусов, измеряемому в л\100км пробега:

$$Q_{MT} = \{Q_{MT1}, Q_{MT2}, \dots, Q_{MTj}\}, (3)$$

4) Внутреннее состояние системы характеризуется конструкционными, технологическими и организационными факторами, автобусов, находятся на определенном постоянном уровне. Для исключения фактора «возраст автобуса», исследования проводились на новых автобусах, приобретенных в одно время.

$$B = \{B_1, B_2, \dots, B_m\}, (4)$$

Таким образом в определенный момент времени состояния выходов (расхода топлива) определяются состояниями входов (эксплуатационных факторов) и внутренним состоянием системы:

$$Q_{MT} = f(X_t, B_t), (5)$$

Принимая внутреннее состояние одинаковым для различных автобусов основная задача сводится к измерению расхода топлива на маршруте при движении между остановками, стоянками на остановках и при проезде перекрестков.

Существует ряд методов измерения расхода топлива. К наиболее распространенным можно отнести: [4]

- объемный;
- гидродинамический (переменного перепада давлений);
- ультразвуковой

Наиболее простым и доступным для применения в условиях эксплуатации является датчик расхода топлива CONTOIL VZD [5], измерение может производиться с помощью мерного бачка и трехходового крана. Расход топлива наблюдается визуально по меткам на поверхности емкости. При достаточной точности измерения расхода метод обладает недостатком и таким как необходимость периодического заполнения емкости топливом, что вызывает перерыв в наблюдениях.



Рис 3. Датчик расхода топлива CONTOIL VZD. [5]

На дисплее отображается вся необходимая информация:

- Общий расход топлива (литры или кг/м3.)
- Ежедневный расход топлива (литры или кг/м3.)
- Моментальный расход (литры или кг/м3.)
- Поправочный коэффициент (например: температурная компенсация и компенсация погрешности)
- Время простоя (холостой ход двигателя – параметры программируются под определённый тип двигателя)
- Время работы двигателя под нагрузкой;

Датчик устанавливается в топливную систему автомобиля, а регистрирующий дисплей – кабине непосредственно с рядом с водителем. Измерение расхода топлива производилось непрерывно и записывалось в памяти регистрирующего устройства. При последующей обработке расход топлива на различных участках маршрута был представлен в виде дискретных значений на участке. Были приняты следующие типовые участки маршрута, на которых производился расход топлива:

- Участок между двумя остановками;
- Участок при проезде перекрестка с остановкой на светофоре;
- Участок переезда автобуса при выезде на маршрут и возвращение и переезды на конечной остановке

Каждое дискретное значение представляло собой суммарный расход топлива на участке.

Список литературы:

1. Можарова, В.С. Транспорт в казахстане: современная ситуация, проблемы и перспективы развития, Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан [Текст]: КИСИ при Президенте РК. / В.С. Можарова – Алматы, 2011.-216 с.
2. Туревский, И.С. Экономика отрасли. Автомобильный транспорт [Текст]: Профессиональное образование, 2011. – 288с.
3. Архипов, С.Г. Анализ влияния условий эксплуатации и возраста городских автобусов на переменные эксплуатационные затраты [Текст]: Тез. докл. 3-й Международной научно-технической конференции "Решение экологических проблем в автотранспортном комплексе"/С.Г. Архипов, В.А. Максимов.- М.: МАДИ(ТУ), 1998. – С.139-140

Түйін

Г.И.Оверченко, т.ғ.к, доцент, Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті,

Г.М.Киясова, Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің 2 курс магистранты,

Қалалық маршруттарда автобустардың қозғалу шарттарының тәуелділігі арқылы отын шығынын өлшеу әдістемесі.

Қорытындылай келе, маршруттағы автобустардың қозғалысындағы жанар жағармайының шығынын өлшеу бойынша берілген әдістеме қабылданған шығын нормаларын айқындауға көмектесіп, нәтижесінде пайдалану тиімділігін жогарлатады.

Кілттік сөздер: отын шығыны, пайдалану, бергіш, шығынөлшеуіш.

Resume

G.I. Overchenko, candidate of technical sciences, West Kazakhstan Agro-Technical University named after Zhangir Khan

G.M. Kiyasova, Second year student, master degree, West Kazakhstan Agro-Technical University named after Zhangir Khan

